

Қараша айының 8–22 аралығында «ҚР жоғары оқу орындарына шетелдік ғалымдарды шақыру» бағдарламасы аясында С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінде Малайзияның Путра – UPM университетінің профессоры Анварджон Ахмедов болды.

Осы аралықта профессор «Ветеринария және мал шаруашылығы технологиясы» факультетінің 5B080200-«Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру және өңдеу кафедрасының» 3 курс студенттеріне «Биологиялық процестерді математикалық моделдеу» және «Биостатикалық моделдеу» курстары бойынша, «Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру және өңдеу» кафедрасы оқытушыларының біліктілігін арттыру мақсатында дәрістер оқып, семинарлық сабақтар жүргізді.



«Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру және өңдеу» кафедрасының меңгерушісі Н.Ж. Қажғалиевпен бірге келесі сұрақтарды талқылады:

- жаңа технологиялар мен инновацияларды оқу процесіне енгізу үшін ұзақ мерзімдік байланыстар мен бірлесіп зерттеулер жүргізу;
- нөлдік емес импакт-факторлы журналдарда мақалалар жариялау;
- С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінде өткізілетін семинарларға қатысу.

Анварджон Ахмедов кафедра оқытушыларын Путра – UPM университетінің жұмысымен таныстырып, келешекте қарым қатынасты жалғастыру ниетін білдірді. Кездесулер барысында магистранттардың академиялық ұтқырлық және оқытушылар мен докторанттардың ғылыми тағылымдамадан өту мәселелері де талқыланды.